

RDA НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ? 21 ҒАСЫРДА БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Кристина Оливер

RDA кеңесінің төрағасы,

Метадеректер және өңдеу бөлімінің басшысы,

Оттава университетінің кітапханасы

Christine.Oliver@uottawa.ca

АБСТРАКТ

RDA, Resource Description and Access (Ресурстың сипаттамасы және қол жетімділігі) – мәдени ортада да, байланысты деректер ортасында да кітапханалар мен мәдени мұра ресурстарын ашуға арналған халықаралық стандарт. RDA библиографиялық ақпараттың жаңа түсінігін білдіреді. RDA мақсаты – ақпаратты іздеу процесінде пайдаланушының қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету үшін осындай метадеректерді құру. Стандарт библиографиялық ақпарат тізбегін объектілер мен элементтерге бөледі, осылайша ақпарат компьютерлер үшін оқылатын мәліметтерге айналады. RDA IFLA/IRM сияқты халықаралық қабылданған библиографиялық тұжырымдамалық модельдермен қатар теориялық негіз жасайды; сандық ортаға арналған, әртүрлі контексте жалпы стандарт ретінде қолданыла алады.

RDA қолдану аясы стандартқа халықаралық қызығушылыққа жауап ретінде кеңеюде. Икемді контент әр түрлі жағдайларда қолданылатын және халықаралық қолдануды ескере отырып жасалған таңдауды ұсынады. Халықаралық стандартты қолдану әлемдегі деректердің үйлесімділігін арттырады. Басқару құрылымы халықаралық қоғамдастықтың RDA дамуына қосқан үлесіне сәйкес қайта қаралды.

Тұсаукесер RDA-ның негізгі ерекшеліктерін қарастырады және оның библиографиялық деректердің қолданылуы мен көрінуіне әсерін көрсетеді. Көптеген адамдар дәстүрлі каталогтауды ұстануды жалғастыруда, RDA кітапханалар жұмыс істейтін органның болашақ өзгерістеріне дайындалуға көмектеседі.

Біз бүгін 21-ші ғасырдағы библиографиялық ақпаратты реттеу тақырыбын қарастырамыз. Метадеректер тиісті стандарты қалай болып көрінеді? Мен бұрынғы каталогтау нұсқаулығынан қатты айырмашылығы бар RDA-ді мысал ретінде аламын. Оның кейбір ерекшеліктерін зерттеп оның 21-ші ғасырдағы библиографиялық ақпарат пен деректерді жазуға арналған метадеректер стандарты түрінде қалай жобаланғанын қарастырамыз.

Біздің библиографиялық ақпаратты реттеу жұмысы жүз жылдың ішінде түбегейлі өзгерді. Библиографиялық ақпараттан күтетін талаптарымыздың жағынан қарайтын болсақ 21-ші ғасырда жұмысымыздың мәнмәтіні мүлдем басқаша. Оқырмандар библиографиялық ақпаратты тек кітапханадан іздейді, бірақ деректер ғаламторда. Олар деректермен өте кең ғаламдық мәнмәтінмен әрекеттеседі, сонда библиографиялық ақпараттың болуын күтеді. Сол себепті библиографиялық деректер әлі де дәстүрлі каталогтарда сақталады. Бірақ онымен басқару жиі

дәстүрлі каталогтан тыс жүргізіледі. Біз өте тораптық ортада өмір сүретіндіктен ешқандай кітапхана жеке арал болып тұрмайды. Одан гөрі, біз өзара байланыста болып, бір-біріміздің библиографиялық ақпаратты қолданамыз. Біздің метадеректер бүкіл дүниежүзілік басқа кітапханаларының метадеректерімен байланыста болуы керек. Сонымен қатар, басқа да мәдени мұра мекемелерімен жұмыс істей білуіміз керек. Біздің метадеректер архив, музей және де баспа мәдени мұра мекемелерінің метадеректерімен қатынаса алатынын күтеміз. Метадеректерді біз күтетін тәсілдер ғана емес, ойламаған да тәсілдермен жинау үшін біздің метадеректер айтарлықтай сенімді болу керек. Идея мынада: біздің метадеректер басқалардың жаңа және әртүрлі көптеген тәсілдермен қайта қолдану мүмкіншілігі.

Resource Description and Access (RDA) каталогтау бойынша нұсқаулықты ұсынбайды. Дұрысы, нұсқаулықтың анықтаушы – басқарма қағидалары мен нұсқаулықтары бар деректер элементтерінің пакеті. Бұл стандарт кітапхана қоғамдастығымен жасалған, бірақ ол тек кітапхана ресурстарына арналған емес. Оның ішінде кітапхана қорына арналған метадеректермен қоса басқа да мәдени мұра аяларының қорына метадеректерді жасау мүмкіндігі айтылған. RDA дәстүрлі каталогтарда қолданылатын метадеректерді жасаумен қатар байланыс деректер қосымшаларында қолданылатын метадеректерді жасауды қарастырады.

RDA-дің екі аспектіні қарастырайық: 21-ші ғасырдың қазіргі және дамыған технологиялық ортаның RDA стандарты және әдейі интернационалдандырылған халықаралық RDA стандарт.

21-ші ғасырдың қазіргі және дамыған технологиялық ортаның RDA стандарты

Кітапхана каталогтарының таңында, кітап пен карточкалы каталогтарының уақытында, біз таңбалардың тізімін жазатын едік. Таңбалар тізімінің жалғыз мақсаты – адамның берілген ақпаратты оқып алып талдай білу. 20-шы ғасырдың соңында, таңбалар тізімін ғаламторда орналастырғанда, оның үлкен мүмкіншілігімен қатар күтпеген кедергілердің куәсі болдық. Компьютерлер сол тізімнің мәнмәтіні мен құрылымын әр кез түсінген емес. Ақпарат машина өңдей алатын деректер ретінде құрылымдалған жоқ. Солай, RDA жасаған ең маңызды істің бірі – ол библиографиялық ақпаратқа қарап оны деректер ретінде қабылдау. Адамға түсінікті болуы және компьютермен қабылданып айтарлықтай өңдеу маңызды болды. Сонымен қатар, біз жалпы элементтер жинағының деректер арасындағы өзара байланысқа қалай негізін қамсыздандыратынын қарастырамыз. RDA-дің маңызды аспекті байланыс деректер ортасына тиімді етілгенмен, әртүрлі технологиялық ортала жұмыс істейтін түрлі кітапханалар бар. Сондықтын, стандарттың әр кітапхананың технологиялық ортасына тиімді болатын икемділік қабылеті болуы қажет.

RDA – деректер элементтерінің пакеті деп анықталады. Бұл сөздердің саналы таңдауы: деректер элементтерін адам да түсінеді, компьютер де өңдей алады. Барлығымыз библиографиялық деректердің қайта қолдануына сүйенеміз; біз бағдарламалық жасақтама, әртүрлі қосымшаларда бағдарламалау көмегімен біздің

библиографиялық деректерді басқаруына сүйенеміз. Біздің машиналық өндеуге деген тәуелділігіміздің артуын сезінеміз деп санаймын. Бірақ сенімді және пайдалы нәтижелерді шығару үшін машинаға сенімді деректер керек екенін мойындаймыз.

RDA деректерінің элементтері нақты әрі толық. Әр элементте дәлме-дәл анықталған әрекет аймағы бар, сондықтан әр элементте деректердің тек бір түрі болады. Солай, сіздерде бірмағыналы деректер болады. Бұдан басқа, әр элемент нақты белгіленген. Қазіргі кезде RDA-де 13 әртүрлі аймақтар жайлы деректерді сипаттау үшін 3000-нан астам элемент бар.

Деректер элементтері нақты анықталған, сондықтан олар машинамен өңделуге жарамды. Сонымен қатар, сол деректер элементтері өзара әрекеттестікке негіз болып саналады. RDA пайдаланушылары тура сол бір элементтер жинағын қолданады. Бірақ барлығы дәлме-дәл элементтерді қолдана алмаса да, олардың деректер элементтері бір элементтер жинағынан шығады. Солай, олардың деректер құрылымы біркелкі болып келеді. Жүйелілік пен үйлесімділік болады. Бұдан бөлек, функционалдық үйлесімділікті көтеретін бақыланбалы сөздіктер бар және олар RDA тізілімінде ашық түрде жарияланады. Деректеріміздің анықтағышы мен құрылымының бар болуы RDAға қатысы жоқ деректермен салыстыруды анағұрлым жеңілдетеді. RDA элементтерінің құрылымы ИФЛА Кітапханасының Анықтама Моделінде негізделген (IFLA Library Reference Model). Бұл, өз қатарында, әрекеттестікті ұдғайтады, өйткені IFLA LRM халықаралық библиографиялық концептуалдық модель болып есептеледі. RDA IFLA LRM-мен келісілген. Мүмкін, IFLA LRM-мен келісілген басқа да метадеректер стандарты бар шығар. Бірақ дегенмен екеуі де әрекеттестіктің анықталған дәрежесін қамтамасыз етеді.

RDA икемді болу үшін құрастырылған. Деректерді элементке жазу барысында төрт әртүрлі әдістері бар. Қазіргі кезде әр элементке барлық төрт әдісті қолданылмайды. Бірақ мына жерде «жазудың төрт әдісі» принципі маңызды. Өйткені ол кітапханалардың әртүрлі технологиялық орталарды жұмыс істейтінін көрсетеді. Осылайша, әр кітапхана өз ортасына ыңғайлы жазу әдісін тандайды.

Мысалы, мен құрылымданбаған сипаттауды қолдана аламын. Мен оны негізгі беттегі ақпаратты көшіргенде қолдана алушы едім. Балама ретінде, егер мен ақпаратты шығарып алу үшін деректерді автоматты жинау әдісін қолдансам, менің нәтижем таңбалар тізімі болушы еді. Сондықтан, бұл адам үшін жақсы, өйткені біз оның шифрын ашып түсінуші едік. Бірақ, біз білгеніміздей компьютер оны тиімді өңдей алмайды. Шын мәнінде, бұл тек кілт сөздерді іздеу ғана үшін жеткілікті.

Спектрдің басқа жағында жазудың өзге әдісі бар, ол ресурстың интернационализацияланған анықтағышын (IRI) қолдануында. Бұл деректерді жіберу ортасына ерекше тура келетін интернет – стандарт. Ол ғаламдық бірегей анықтағыш, оны, мысалы, адамның есімін жазу үшін қолдануға болады. Нәтижесі машина оқи алатын тізбек. Енді адам оны әрқашан шифрын оқып, түсіне алмайды. Алайда компьютер оны өте тиімді өңдеп одан адам түсінетін ақпаратты шығарып алады. IRI үлкен мөлшердегі ақпаратқа әкеле алады, сонымен қатар сол IRI –мен байланысқан басқа ақпаратқа желеуретіп, сонымен зерттеулерге мүмкіндіктерді кеңейтеді.

RDA дәстүрлі каталогтарда, интернетте және байланыс деректер ортасында қолданылатын метадеректерді жасауға мүмкіндік береді. RDA элементтер жинағын қолдана отырып, машинамен немесе автоматты өңделетін деректерді жасауға болады. Бұдан бөлек, ол арақатынасты қолдайтын деректер болып табылады.

RDA халықаралық стандарт ретінде

RDA халықаралық стандарт ретінде белгілейтін көптеген айқын ерекшеліктерге ие. Мысалы, ол Каталогтаудың Халықаралық Принциптері және IFLA Кітапханасының Анықтамалық Моделі сияқты халықаралық IFLA стандарттарына сәйкес келеді. Ол бүкіл әлем елдерінде қолданылады. Сондай-ақ, ол халықаралық қатысуды көрсету үшін мемлекеттік құрылымдарға ену процесінде. Аудармалар мен аударма процесі стандарттың ажырамас бөлігі болып табылады және аудармалар RDA Toolkit-те айқын көрінеді. RDA-дің халықаралық стандарт ретіндегі қызықты аспектісі әр түрлі жергілікті дәстүрлер мен каталогерлердің әр түрлі жергілікті қауымдастықтарының қажеттіліктерін ескеруі болып табылады.

RDA мазмұнына IFLA тұжырымдамалық библиографиялық моделі, IFLA LRM айтарлықтай әсер етті, бірақ сонымен бірге ол IFLA халықаралық каталогтау принциптерімен қалыптасты. RDA мәтінінде оның басқа халықаралық стандарттармен байланысы туралы мәлідемелер де бар. Бір мысал ретінде, RDA сәйкес құрылған метадеректерді MARC 21 немесе RDF сияқты әр түрлі белгілі кодтау схемаларында сақтауға болады.

RDLA-ның IFLA LRM-ге сәйкестігі стандарттың негізгі анықтайтын ерекшелігі болып табылады. IFLA LRM халықаралық ынтымақтастық пен консенсус құру арқылы жасалды және халықаралық тексеруден өтті. Осылайша, бұл библиографиялық мәліметтер құрылымы халықаралық танылған түсінікті білдіреді. RDA осы халықаралық танылған түсінуге негізделген. IFLA LRM RDA мазмұнының негізгі құрылымын ұсынады; ол логикалық дәйектілік пен жүйелілікті қамтамасыз етеді. RDA сонымен қатар IFLA LRM библиографиялық деректер мен пайдаланушының міндеттері арасындағы байланысты анықтаумен соңғы пайдаланушының қажеттіліктеріне бағытталған.

RDA-де мені қызықтырғаны – бұл халықаралық стандарт, ол бәрінің бірдей істейтінін талап етпейді. Негізгі назар деректердің үйлесімділігіне аударылады. Бұл Гордон Дансирдің сөздері: «RDA ғаламдық келісім шеңберінде жергілікті қауымдастықтардың мүдделерін қанағаттандыру үшін метадеректер жасауға арналған». Бұл өзара әрекеттесудің негізі жалпы элементтер жиынтығы болып табылады. Бұл үйлесімділіктің қосымша негізі деректердің халықаралық танылған IFLA LRM моделімен бір құрылымға ие болуы болып табылады.

Біз RDA-дің мәтінінен үйлесімділікке акцентті көре аламыз. RDA құрылымын басқаратын бірқатар мақсаттар мен қағидалар бар және олардың бірі интернационалдандыру. Интернационалдандырудың мақсаты деректерді үйлестіруге бағытталған. Мақсат тұрғысынан «әр түрлі агенттер ұсынған метадеректер бірдей бола бермейді». Қатаң өзара әрекеттесуге емес, деректерді үйлестіруге баса назар аударылады.

RDA вариацияларды әдейі ескереді. IFLA LRM библиографиялық мәліметтердің негізгі құрылымын ұсынады. RDA содан кейін элементтердің өте үлкен жиынтығын және метадеректерді жасаушыға өздері қалаған элементтерді таңдау мүмкіндігін ұсынады. Төрт жазу әдісін қолданып деректерді қалай жазуға болатындығы туралы таңдау бар. Нұсқауларды қолданудың нұсқалары бар. Сондай-ақ, басқарылатын сөздіктердің сіздің қоғамдастығыңыз үшін неғұрлым қолайлысын таңдай аласыз. Сонымен қатар тыныс белгілерді және элементтерді қандай тәртіппен орналастыру керектігінің нұсқалары бар. Осылайша, каталогерлер қоғамдастығы өзара әрекеттесу шеңберінде олардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін таңдауды жасайды.

Басқарылатын сөздіктерді қолданатын жағдайларының қысқаша мысалы: егер мен мәліметтер жазып, құрылымдық сипаттау әдісін қолдансам, RDA сөздік кодтау схемаларының бірін (VES) қолдануға арналған нұсқаулар және басқарылатын сөздіктерге ұқсас сөздік қорын басқару схемасы жиі кездеседі. RDA сөздік қорын кодтау схемаларының бірін пайдалану туралы нұсқаулар болған кезде, басқа нұсқа шығады, бұл басқа нұсқа өзге қолайлы сөздік кодтау схемасын пайдалану мүмкіндігі.

RDA мәтінінен каталогтар қауымдастығына таңдау ұсынылып отырғанын көруге болады: RDA стандартты сөздік кодтаудың схемасын немесе басқа қолайлы кодтау схемасын қолдануға, және олар өздерінің қауымдастықтары үшін екі нұсқаның қансысы келетінін таңдайды.

RDA көптеген нұсқалар мен нұсқаларды ұсынатындықтан, каталогтар қауымдастығы үшін өз шешімдерін жазып алу және олардың шешімдерін өз мүшелеріне жеткізу маңызды. RDA-де құралдар жинағында қоғамдастық осы шешімдерді жаза алатын орын бар (Toolkit). Дегенмен, құжаттама Toolkit-тен тыс болуы мүмкін.

Бүкіл әлемде қолданылатын халықаралық стандарт ретінде RDA бірнеше тілге аударылды. Түпнұсқа құралдар қорабында сегіз толық аударма болды, аудармалар жаңа RDA құралдар қорабына жеткізілді. Сонымен қатар жаңа аударма жобалары бар. Он төрт тілдік нұсқа RDA тізіліміне біріктірілген. Бұл [RDA тізіліміндегі тілдік нұсқалар] жартылай аудармалар екенін білдіреді. Бұл нұсқаулар емес, элемент атаулары мен басқарылатын сөздіктер аударылатынын білдіреді. Ағылшын тілі – тілдік нұсқалардың бірі. Стандарт барлық тілдік нұсқаларға бірдей мән береді. Ағылшын тілі сәл өзгеше, өйткені бұл аударманың бастапқы нүктесі, бірақ оны әдейі нұсқа деп атайды.

Мені қатты қызықтыратын нәрсе – барлық нұсқалардың құралдар жиынтығында (Toolkit) немесе RDA тізілімінде (RDA Registry) біртұтас интеграциялау. Бұл RDA-ді қолданатын барлық түрлі тілдік қауымдастықтар үшін жоғары көрініске айналады. Барлық қол жетімді тілдерді көруге болады. Біз метадеректерді бүкіл әлем бойынша өз тілдік қоғамдастықтарымызда жасайтын болғандықтан, бәріміз бірдей элементтер жиынтығын, бір сөздік қорды қолданатындығымызды сезінесіз.

RDA бүкіл әлем бойынша метамәліметтерді жасаушыларға оңай пайдалануға арналған. Дегенмен, бұл әлемнің барлық аймақтарының өкілдерімен бірге сақталатын және дамытылатын стандарт. Осы себептен RDA әлемдегі барлық

адамдардың шешім қабылдауға және басқаруға қатысу үшін барлық аймақтардың өкілдерін кіргізеді.

RDA XXI ғасырдың халықаралық стандарты ретінде үміттерді ақтайды. Халықаралық стандарт ретінде ол бізден бірдей деректерді шығаруды талап етпейтіндігі ерекше белгі. Керісінше, біз әлемнің қай бұрышында болмасын, әр түрлі жағдайда жұмыс істейтіндігімізді мойындауға болады. Бұл әр түрлі технологиялық орталар болуы мүмкін; біз әртүрлі тілдік бірлестіктерде жұмыс істей аламыз; біз әртүрлі ұлттық және мәдени қауымдастықтардың қажеттіліктерін қанағаттандыра аламыз; олар кітапхана әлеміндегі немесе басқа салалардағы қауымдастықтар болуы мүмкін. Бірақ біздің ортақ қызығушылығымыз әрдайым соңғы пайдаланушылардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін мәліметтерді ұсыну. Біз компьютерлермен дәл өңделетін мәліметтерге көбірек сенеміз. Бірақ ең маңыздысы – қауымдастықтар арасындағы библиографиялық мәліметтердің үйлесімділігі. Қайта пайдалануға, бөлісуге және әлемдегі басқа қауымдастықтар шығаратын мәліметтермен біріктіруге болатын мәліметтер. RDA бізге осы үйлесімділікке өзара әрекеттесу шеңберін ұсыну арқылы қол жеткізуге мүмкіндік береді.